

"2018-2019 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспарды бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 24/125 шешіміне өзгерту енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 мамырдағы № 28/151 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 мамырда № 4738 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына, "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы Заңының 8 бабының 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2018-2019 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспарды бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 24/125 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4541 болып тіркелді, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылдың 2 ақпанында жарияланған) келесі өзгерту енгізілсін:

кіріспе келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Жайылымдар туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабының 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
мәслихатының сессия төрайымы*

Ә.Оспанова

*Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
мәслихатының хатшысы*

А.Бектасова